

13. Васильева Е.А. Мотивация и удовлетворенность в системе государственной службы Республики Саха (Якутия) // Вестник Северо-Восточного федерального университета им М.К. Аммосова. Серия: Экономика. Социология. Культурология. – № 1 (01). -2016. – С.27-36.
14. Шарин В.И. Система мотивации профессиональной деятельности государственных служащих Российской Федерации // Human Progress. – 2017. – Том 3, № 4. Эл. ресурс: http://progress-human.com/images/2017/tom3_4/Sharin.pdf
15. Масальская В.С. Повышение мотивации труда государственных служащих // Государственное и муниципальное управление в XXI веке: теория, методология, практика. – Новосибирск, 2013. – С.82-86.
16. Куйдина А.С., Шаталова О.И. Особенности мотивации и стимулирования труда государственных служащих // Материалы международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития науки и образования». – М., 2016. – С. 123-128.
17. Ахметьянова Р.А. Развитие системы мотивации как условие карьерного роста молодых специалистов государственной гражданской службы // Материалы международной научно-практической конференции «Современный государственный гражданский и муниципальный служащий: образование, компетенции, карьера». –Уфа, 2016. – С.86-92.
18. Нуртазин М.С. Механизмы мотивации государственных служащих Республики Казахстан (региональный уровень) // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 7: Философия. Социология и социальные технологии. – 2009. – № 1 (9). – С.212-215.

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ДАМУЫ

УДК 001.9

Аңдатпа. Әрбір мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі ретінде адами капиталды стратегиялық басқару болып саналады. Көптеген ғалымдардың пікірінше, адами капитал – бұл интеллект, білім мен адам тәжірибесінің жинақталған құндылығы. Адами капиталдың мәні тұлға, отбасы және қоғам дамуының факторы мен мақсатында жатыр. Адами капитал әрбір мемлекеттің ұлттық байлығы негіздерін құрайды. Сондықтан оның құрылымы, сапалық белгілері мен даму серпінділігі халықтар мен мемлекеттердің рухани мәдениеті мен өркениетінің ұлттық даму ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Зерттеу жұмысының мақсаты – заманауи қоғамдағы адами капиталдың дамуын анықтау. Зерттеу нысаны ретінде адами капиталдың дамуы қарастырылады. Зерттеу пәніне заманауи қоғамдағы адами капиталдың дамуы мәселелері жатады. Берілген мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауларына ерекше назар аударылды.

Тірек сөздер: адами капитал, білім, Жолдау, адамзат, әлеует.

Abstract. One of the main tasks of each state is the strategic management of human capital. According to many scientists, human capital is the accumulated value of the intellect, knowledge and experience of the person. The essence of the human capital consists that it is a factor and the purpose of development of the personality, family and society. The human capital makes a basis of national wealth of each country. Therefore its structure, quality and dynamics development are caused by national peculiarities spiritual culture, civilization people and the states. The purpose of the research is to find the development of human capital in modern society. The object of research is the development of the human capital. The subject of the research is the theoretical substantiation of the study of the problems human capital development in modern society. In this article special attention is paid to the State of the Nation Address by the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev.

Keywords: human capital, education, Address, humanity, potential.

Аннотация. Одной из главных задач каждого государства является стратегическое управление человеческим капиталом. По мнению многих ученых человеческий капитал – это накопленная ценность интеллекта, знаний и опыта человека. Сущность человеческого капитала состоит в том, что он является фактором и целью развития личности, семьи и общества. Человеческий капитал составляет основу национального богатства каждой страны. Поэтому его структура, качество и динамика развития обусловлены национальными особенностями духовной культуры и цивилизации народов и государств. Цель исследования – выяснить развитие человеческого капитала в современном обществе. Объектом исследования является развитие человеческого капитала. Предметом исследования выступает теоретическое обоснование исследования проблем развития человеческого капитала в

современном обществе. В данной статье особое внимание уделено Посланиям Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана.

Ключевые слова: человеческий капитал, образование, Послание, человечество, потенциал.

Jel код: E24, H75, J24, O15, P36.

М.Ө. НАСИМОВ

саяси ғылымдардың кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ғылыми-зерттеу институтының директоры, «Болашақ» университеті (Қызылорда)

Кіріспе. Елдің ұлттық байлығы мемлекет азаматтарының еңбегі негізінде құрылады. Ұзақмерзімді экономикалық өсімді қамтамасыз ететін ұлттық байлықтың негізгі бөлшегі ретінде адами капитал саналады. Әр елдің бәсекелік қабілетінің артықшылықтары осы адами капиталдың жоғарғы сапасына байланысты. Бүгінгі таңда адами капитал тұжырымдамалары білім беру, ғылым, денсаулық сақтауды дамытуға байланысты түрлі бағдарламалар әзірлемелерін даярлаудың теориялық негізі болып табылады. Сонымен қатар, адами капитал мемлекеттің экономикасы мен әлеуметтік саясатына да ықпал жасайды.

Жалпы капитал түсінігі латынның «capitalis» сөзінен шыққан және басты, үстем, негізгі дегенді білдіреді. Бұл түсінік туралы ұғымдар өте көп және оның түрлі экономикалық міндеттеріне әртүрлі анықтамалар беріледі. Баршамызға белгілісі капитал ұлттық және қоғамдық байлықтың барлық бөлшектерін қамтиды. Экономикалық құбылыс ретінде ол түрлі пішіндер иелене отырып, әрқилы қызметтер атқарады. Капитал ұғымының мәнін мына тұжырым толық айқындайды деп ойлаймыз: «Капитал жай ғана құн емес, өздігінен өсетін құн» [1].

Адами капитал түсінігінің мәні табиғи даму мен адамзат факторлары, ресурстары, әлеуеті және зияткерлік капиталының жиынтығын құрайды. Сондықтан болар адами капитал түсінігіне барлық ғылымдар салаларының өкілдері ерекше назар аударуда. Ал әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің көпшілігі капитал ішіндегі ең құнды түрі ретінде адами капитал қорын ұлғайтуға мән беріп отыр.

Әдебиеттерге шолу: Тақырып бойынша шет елдік әдебиеттердің көптігін байқауымызға болады. Мәселен, Джей Либоуицтің (Jay Liebowitz) 10 бөлімнен тұратын «Addressing the Human Capital

Crisis in the Federal Government: A Knowledge Management Perspective» [2] атты еңбегінде адами капиталдың сәтті стратегиялық әзірлемелері ұсынылады.

Британдық ғалым Джон Ингамның (JonIngham) «Strategic Human Capital Management: Creating Value through People» [3] атты еңбегі бойынша адами капиталды стратегиялық басқару (Human capital management – HCM) адами ресурстарды басқаруға (Human resource management – HRM) жай ғана бағытталған тәсілдің өлшемі емес. Ғалым бұл құбылысты ғылымға қарағанда, өнер ретінде бағалаған дұрыс деп есептейді.

Соңғы жиырма жыл көлемінде адами капитал мәселесі бойынша Ресей авторларының кең көлемдегі бірнеше еңбектері жарық көрген. Мәселен, С.А. Курганскийдің «Человеческий капитал: сущность, структура, оценка» [4] атты еңбегін ерекше атауымызға болады. Бұл еңбегінде автор адами капитал түсінігінің заманауи теорияларының мәселелері, негізгі қағидалары мен қорытындыларын қарастырады. «Адами капитал», «адами капиталды инвестициялау» секілді түсіндірмелердің түрлі әдістері сарапқа салынады.

Е.М. Самородова «Человеческий капитал: особенности функционирования, накопления, использования» [5] атты ғылыми еңбегінде адамды материалдық игілікті бір мезгілде өндіруші және тұтынушы ретінде сипаттайды.

Р.М. Нижегородцев пен С.Д. Резниктің [6] жалпы редакциясында жазылған монографиясы әлеуметтік және экономикалық жүйелердегі адами капиталды басқарудың заманауи ахуалы мен үрдістеріне арналады. Монография авторлары жоғары білім беру жүйесіндегі адами капиталды басқаруға ерекше назар аударған. Отандық зерттеушілер арасында қазақ тілінде жарық көрген Г.З. Абдрасилова, Ә.Н. Бұхаев [7], А. Жолдыбалына [8], З. Карбетова,

Ш. Карбетова, Ф. Шуленбаева [9],
Ө. Кокушева [10], Ф.Е. Керімбек,
Ж.А. Дулатбекова, А.К. Керимбек [11],
А. Оспанова, Қ. Болат [12],
Б.Ж. Паридинова [13] еңбектері маңызды
деп ойлаймыз.

Scopus мәліметтердің
библиографиялық және реферативті
базасының іздеу қызметін қолдану арқылы
шетелдік беделді екі журналдың жарық
көретіндігі анықталды. Чикаго университеті
2007 жылдан бастап «Journal of Human
Capital» [14] ғылыми журналын шығарып
келеді. Жылына төрт нөмір шығаратын
ғылыми журналдың мақсаты білім
экономикасындағы адами капитал және
оның экономикалық, әлеуметтік рөлін
айқындауға бағытталған. АҚШ-тың
IGI Publishing халықаралық академиялық
баспа компаниясы 2010 жылы
«International Journal of Human Capital and
Information Technology Professionals» [15]
атты ғылыми журнал шығара бастады.
Осы уақытқа дейін 35 саны жарық көрген
халықаралық журнал адами капитал,
ақпараттық технологиялар мамандарының
адами ресурстарды басқару, әлеуметтану,
психология, менеджмент, технология
мәселелеріне байланысты пәнаралық
зерттеулеріне мән береді. Журналдың
тақырыптар ауқымы 16 мәселені қамтиды.

Сонымен қатар, Ресейде адами
капитал мәселелеріне арналған екі журнал
бар екендігін айта кеткеніміз жөн. Мәселен,
2007 жылдан бастап «Человеческий
капитал» [16] көпбейінді ғылыми-
тәжірибелік журналының осы уақытқа
дейін 113 нөмірі жарық көрген. Білімге
негізделген экономиканың дамуындағы
адами капиталдың үдемелі рөліне
арналған «Человеческий капитал и
профессиональное образование» [17]
журналын Г.В. Плеханов атындағы Ресей
экономикалық университеті 2012 жылдан
бері шығарып келеді. 2017 жылдың соңына
дейін аталмыш журналдың 24 саны жарық
көрген.

Материалдар мен әдістер.
Зерттеудің әдістемелік негізін адами
капитал түсінігінің пайда болуы,
қалыптасуы және дамуындағы зерттеудің
жалпы заңдылықтары, қағидалар, тәсілдер
мен әдістер жүйелері құрайды. Соның
ішінде, танымның диалектикалық әдісі

адами капитал түсінігін түрлі деңгейде
қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен
қатар, зерттеудің нәтижелерін шығару үшін
контент-талдау әдісі қолданылды.

Зерттеудің әдістемелік және
теориялық негізін айқындауда шетелдік,
отандық ғалымдардың еңбектері, Елбасы
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына
Жолдаулары пайдаланылды.
Ретроспективті тұрғыдан талдайтын әр
түрлі тұжырымдамалар және жүйелі-
құрылымдық, тарихи, институционалды
талдау әдістері нәтижелерге жетуге арқау
болды. Зерттеудің міндеттері танымның
жалпы ғылыми әдістері мен пәнаралық
тәсілдерді қолдану негізінде ашылды.
Түсінікті ашу үшін Scopus, Science Direct,
Jstor бойынша алынған ғылыми
әдебиеттерді шолу әдіс ретінде
қолданылып, аталмыш еңбектердің
материалдары назарға алынды. Ізденіс
адами капитал кілт сөзіне сүйену арқылы
жүргізілді.

Талқылау және нәтижелер. Ғылыми
әдебиеттерде адами капитал көп
жағдайда адам мен қоғамның
қажеттіліктерін қанағаттандыруға
қолданылатын білім, қабілет пен дағдылар
жиынтығы ретінде айтылады. Бұл
терминді алғаш рет америкалық
экономист, Нобель сыйлығының
1979 жылғы иегері Теодор Шульц
(Theodore Schultz) [18] қолданған.
Ғалымның кейінгі еңбектері адами
капиталды инвестициялау [19] мен адами
ресурстарға [20] арналады.

Кейін Т.У. Шульц идеяларын
америкалық экономист Гэри Беккер (Gary
Becker) [21] жалғастырды. Ғалым бұл
еңбегінде адами капиталға қаржы
жұмсауды дәйектеді және адам мінез-
құлқына экономикалық тәсілдің ықпалын
тұжырымдады. Оның пікірінше, білім,
медициналық қызметке шығындар және
ұқыптылық пен шыншылдық туралы
пікірлер капитал болып табылады. Өйткені
бұл қағидалар жалақыны арттырады,
денсаулықты жақсартады немесе өмірді
ұзартады. Бұл теориялары үшін ол
1992 жылы экономика бойынша Нобель
сыйлығын иеленді.

Мирей Ларроше (Mireille Laroche),
Марсель Мерет (Marcel Mérette) және
Г.К. Руджери (G.C. Ruggeri) [22] адами

капиталды туа біткен қабілеттер жиынтығы (тұқымқуалаушылық), білім, жеке байланыстар, жұмыс тәжірибесі, оқыту мен әлеуметтену, ұрпақтар арасында өмір бойы білім беру дағдылары ретінде қарастырады. Туа біткен қабілеттер дағдылар иеленудің ажырамас адами әлеуеті ретінде көрініс табады. Ол адам дүниеге келгеннен бастап берілетін физикалық, зияткерлік және психологиялық мүмкіндіктер жиынтығынан тұрады. Мүмкіндіктер индивид ықыласынан тыс пайда болады және тұқым қуалаушылық, ата-аналар шешімі және кездейсоқ факторлармен айқындалады. Бұл адамдар мүмкіндіктерінің жіктелуіне әкеледі. Иеленген дағдылар көлемі ішінара туа біткен қабілеттерге тәуелді және қосымша шығындарды талап етеді. Адами капиталдың келесі ерекшеліктері көрсетіледі: адам тұлғасында жүзеге асқан сатылмайтын игіліктер; адами капиталды салыстырмалы түрде аз дәрежеде жиынтықтау: бала кезде шешімдерді ата-ана, білім беру мекемелері қабылдайды және бұл процеске үкімет көп ықпал жасайды; түрлі әрекеттер белгілері бойынша жалпы адами капиталға бөлу.

Адами капитал жаһандану және әлемнің түрлі экономикаларындағы сұраныстар көлемінде кеңееді. Әлемнің дамыған және дамушы елдері адами капиталға ерекше мән береді. Өйткені адами капиталдың дамуы халықаралық аренаға шығудың іргелі қадамдарының бірі болып табылады. Сондықтан кез келген ұйым адами капитал қажеттіліктерін инвестициялау арқылы өнімділікке ықпал етеді. Адами капитал теориясының негізгі қатынастары мынадай: Ресурстар/кіріс → Білім және оқыту → Нәтижелер → Ресурстар/кіріс → Өндірістік процестер → Табыс/шығыс → Азаматтық процестер → Тиімділік/шығыс [23]. Демек, адами капиталды дамыту барысында ресурстар кіріс қызметін атқарса, табыс пен тиімділік шығыс қызметін атқарады.

Тұрақтылықты зерттеу барысында капиталдың барлық түрлері, атап айтар болсақ, табиғи, биологиялық, әлеуметтік, технологиялық, қаржылық, мәдени капиталдың рөлі ескерілуі керек. Капиталдың барлық түрлерінің өзіндік құндылығы, тиімділігі мен қолданылуы

адамның ақыл-ой санасы, шығармашылығы мен әлеуметтік инновациялары арқылы қалыптасады. Бұл адами капитал мен әлеуметтік капиталды қоса алғанда ресурстардың өнімділігі мен тұрақтылығының негізгі айқындаушыын құрады. Адамзат антропоцен дәуіріне енгендіктен барлық адами өзгерістер эволюцияның басым факторына айналды. Адамзат жануарлар әлемінен эволюцияланып, әлеуметтік тіршілікке қабілеттілік, ментальды даралыққа өтті. Бұл өзгерістер тұрақтылықты айқындайтын адамзаттың өндірістік мүмкіндіктері, бейімділігі, креативтілігі мен құндылықтары, экономика мен мемлекеттік саясатты ұйымдастыру, әлеуметтік хабардарлық пен өмір сүру салтына терең ықпал жасайды. Сондықтан дамыған адамзат санасы шеңберіндегі тұрғындар, экономикалық даму, жұмысбастылық, білім, денсаулық, әлеуметтік әділдік, мәдени құндылықтар, энергиялық сыйымдылық пен тұрақтылық арасындағы байланыстарды қарастырған жөн [24].

Адами капиталды басқару - стратегиялық және жоспарлы әдіс. Мақсат пен міндеттерге жету үшін адами капиталдың құндылығы мен тиімділігін бағалау маңызды болып табылады. Адами капиталды бағалау және оның тиімділігін айқындаудың бірнеше тәсілдері болса да, біркелкі бағалау әдістемесі осы уақытқа дейін жоқ. Адами капиталды өлшеу көрсеткіштерінің тізбесі мынадай [25]:

Ұзақмерзімді даму:

- басқару мен басшылықтың заманауи мүмкіндіктері;
- басқару мен басшылықтың әлеуетті мүмкіндіктері;
- басқару және көшбасшылық қабілеттердегі әлсіздік;
- қабілет тексеру жүргізілген жұмыс орындарының пайыздық көрсеткіші;
- даму жоспары бекітілген жұмыс орындарының пайыздық көрсеткіші;
- оқыту күндерінің мөлшері.

Инвестициялар:

- бәсекелік өтемақы жүйесі;
- еңбекақы жалпы сомасынан шығатын директорлар мен менеджерлер жалақысының пайыздық көрсеткіші;
- бір қызметкерге байланысты шығындар;
- білімге инвестиция.

Ынталандыру:

- көрсеткіштерді бағалау және орындау;
- жазбаша бағалауға келіскен қызметкерлердің пайыздық көрсеткіші;
- мақсаттар құжаттандырылған жұмыс орындарының пайыздық көрсеткіші;
- лауазымдық сипаттамалардың пайыздық көрсеткіші;
- қызметкерлер арасындағы компанияның стратегиясын білу және түсіну деңгейі;
- білім мен түсіну деңгейі;
- штат тұрақтылығы;
- директорлар мен менеджерлер тұрақтылығы;
- жұмыс уақыты.

Мораль:

- жоқ болу;
- жазатайым оқиға/жарақаттар;
- қызметкерлердің ауытқуы;
- директорлар мен менеджерлердің ауытқуы;
- қызметкерлердің қанағаттануы;
- науқастық.

Қоршаған ортаға көзқарастар мен қатынастар:

- жұмыспен қамтылуға ықылас;
- мансап: ұсынысты қабылдау.

Демек, осы өлшемдер арқылы адами капиталдың ұзақмерзімді даму көрсеткіштері, инвестициялар мен ынталандырулар көлемі, моральдық белгілер мен қоршаған ортаға қалыптасқан көзқарастар мен қатынастар жиынтығын айқындай аламыз. Бұл адами капитал көрсеткіштерін бағалауға мүмкіндік береді.

Теориялық тұрғыдан адами капитал экономикалық өсіммен тікелей байланысты. Эмпирикалық тұрғыдан бұл қатынас көптеген себептерге байланысты жүзеге аса бермейді. 15 жыл көлеміндегі 132 мемлекеттің мәліметтері қолданылған эмпирикалық нәтижелер көрсеткендей, адами капитал жақсы экономикалық мүмкіндік пен жоғары сапалы құқықтық институттар болған жағдайда ғана жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім өсімінде позитивтік рөл атқарады. Шындығында экономикалық мүмкіндіктер адами капиталдың ықпалын күшейтеді: ел ішінде немесе халықаралық деңгейде бизнес және саудамен айналысу жеңіл болған сайын, адами капиталдың өсімге ықпалы артады [26]. Демек, адами капиталдың дамуы мемлекет қажеттілігі

болғандықтан, кәсіпкерлік пен бизнеске қолдау білдіру экономикалық өсімді арттыра түседі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі ең маңызды тарихи оқиға болып табылады. Өйткені, Жолдау аясында көрсетілген мәселелер мемлекеттің бағытын айқындап, еліміздің әлеуметтік-саяси жағдайын сипаттайды. Елбасы Жолдауында аталатын әр сөздің мақсаты екі негізгі міндетті атқарады.

Біріншіден, Жолдау алдағы күндерге қойылған мемлекет саясатының негізгі бағыттарын айқындайды. Елбасының Жолдауы мемлекеттік органдардың тұрғындармен байланыс қызметінің келісілген демократиялық көзі болып саналады және ол - кері байланыстың негізгі көзі. Жолдаудың барлық мазмұны қоғам мүшелері үшін айдан анық, ашық. Барлық басым бағыттар, міндеттер мен мақсаттар мемлекеттік органдар, тұрғындар, сарапшылар мен ғалымдар үшін транспарентті құбылыс.

Екіншіден, Жолдау мемлекеттік орган қызметін қорытындылаудың құжаты секілді. Елбасы жыл сайын өз Жолдауын арнағанда болашаққа деген міндеттермен қатар, атқарылған жұмыстардың қорытындыларын айшықтайды, жетістіктерді аша түсіп, мардымсыз жүріп жатқан мәселелерді шешу жайын түсіндіреді. Сондықтан қазақстандықтар қандай нәтижелерге жеткенімізді бағалап, прогрестің бар екенін анықтай түседі [27]. Осы себептерге байланысты Елбасы Жолдауларындағы капитал, адами немесе адам капиталы түсінігінің айтылу көрсеткішіне мән беріп отырмыз (1-кесте).

«Қазақстан-2030» Стратегиясында [28] 7 ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары ұсынылғаны баршамызға мәлім. Стратегиялық құжатта капитал 21 рет айтылған екен. Елбасы қолымыздағы баға жетпес капитал ретінде атап көрсетеді: «Біздің басты оң игіліктеріміздің ішінде - халқымыздың, немесе былайша айтқанда, адам ресурстарының сапасы тұр. Біздің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары білім өресі биік халқымыз бар. Көптеген елдерде бұл жоқ, әрі олар

осындай сапаға жетуді өздерінің стратегиялық мақсаттарының бірі санайды. Мұның өзі - біздің халқымыз бен бұрынғы жүйенің аса ірі жетістігі». Осы капиталды жан-жақты дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі

неғұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіс екендігіміз жөнінде айтылады. Жалпы Елбасының кейінгі Жолдауларында капитал түсінігі тікелей экономикамен байланыстыстырылады.

1-кесте. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында «капитал» түсінігінің айтылу көрсеткіші

Жолдау жылы	Айтылу көрсеткіші (рет)	Жолдау жылы	Айтылу көрсеткіші (рет)
1997	21	2008	2 (оның ішінде, 1 рет адам капиталы)
1998	1	2009	1
1999	-	2010	2 (оның ішінде, 1 рет адами капитал)
2000	2	2011	1
2001	5 (оның ішінде, 2 рет капиталдандыру)	2012	2 (оның ішінде, 1 рет адами капитал)
2002	1	2012	1 (оның ішінде, 1 рет адам капиталы)
2003	9 (оның ішінде, 1 рет капиталдандыру)	2014	-
2004	2	2014	1 (оның ішінде, 1 рет капиталдандыру)
2005	2 (оның ішінде, 1 рет капиталдандыру)	2015	5 (оның ішінде, адам капиталы 2 рет, капиталдандыру 1 рет)
2006	11	2017	4 (оның ішінде, адам капиталы 1 рет)
2007	5 (оның ішінде, 1 рет адами капитал)	2018	2 (оның ішінде, адам капиталы 1 рет)

Елбасы Жолдауларында ең алғаш рет «адами капитал» ұғымы 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» [29] атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылады: «Әлемдік шаруашылық байланыстарына белсене кіріккен барлық осы заманғы бақуатты мемлекеттер «парасатты экономикаға» сүйенген болатын. Ал ондай экономика жасақтау үшін, ең алдымен, өз қарауымыздағы адами капиталымызды дамытқанымыз жөн. Бұл да - өзіміздің ортақ қазақстандық жобамызға қатысушылардың баршасының, алайда, ең алдымен, Білім және ғылым министрлігі мен Индустрия және сауда министрлігінің жауапкершілігі».

2008 жылғы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» [30] атты Қазақстан халқына Жолдауында да адам капиталы туралы баяндалады: «Қазақстандықтардың, Қазақстан қоғамының барлық жіктері мен әлеуметтік топтарының әлеуметтік көңіл-күйін ұдайы жақсарту түсу мемлекет саясатының алдыңғы сапында болып келді және осылай болып қала береді. Өмір сапасының стандарттары адам капиталын дамытудың және Қазақстанды әлеуметтік жаңартудың тиімді нарықтық құралына айналуға тиіс, бұл ретте масылдық пиғылды орнықтыруға жол беруге болмайды. Мемлекеттің әлеуметтік

саясаты жұмыс орындарын ашуға және еңбекке қабілетті халықты ел экономикасына тартуға бағдарланған жағдайда ғана тиімді бола алады. Бұл қағиданы біз бұрын да ұстанып келдік, болашақта да одан ауытқымаймыз».

2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» [31] атты Қазақстан халқына Жолдауында 2020 Стратегиялық жоспары – көшбасшылыққа қазақстандық жолда атқарылатын үшінші міндет ретінде саналады: «Адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді инвестициялау».

Елбасының 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» [32] атты Жолдаудағы он бағыт бойынша міндеттер кешенінің жетіншісі Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуімен байланысты: «Бұл, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтау. Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор: Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. ...Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. ...Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет. ...Төртіншіден, мемлекет-жеке меншік әріптестігі, ауылдық жерлерден

және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жастардың жол жүруі мен өмір сүруін субсидиялау, жатақханалар желісін дамыту тетіктері арқылы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажет. ...Бесіншіден, оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс. ...Алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет».

2012 жылғы «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» [33] атты Жолдауының «Қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз еткен күшті әлеуметтік саясат» тармақшасында көрсетілген: «Білім берудің мектепке дейінгіден бастап жоғары білімге дейінгі барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Біздің адам капиталын дамытудағы ұзақмерзімді салымдар саясатымыздың арқасында қазіргі талантты жас ұрпақты өсірдік».

2015 жылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» [34] атты Жолдауда Елбасы дағдарысқа қарсы және құрылымдық жаңарулардың бес бағытын атап көрсеткен болатын. Бесінші жаңа әлеуметтік саясат бағыты бойынша мынадай міндеттер жүктеледі: «Бүгін мен жаңа әлеуметтік саясат жасау міндетін қоямын. Мемлекеттің әлеуметтік саладағы рөлі әлсіз қорғалған азаматтарды қолдаумен және адам капиталына инвестицияларды қамтамасыз етумен шектелетін болуы тиіс. Атаулы әлеуметтік қолдау тек мұқтаж адамдарға, олардың нақты табыстары мен өмір сүру жағдайын бағамдау негізінде, көрсетілетін болады. Басқалар ақшаны өздері, өздерінің еңбектерімен табулары тиіс. Азаматтарымыздың жекелеген топтарының ерекше сұраныстарын ескере отырып, өмір сүрудің ең төменгі деңгейінің құрылымдарын қайта қарау және оның түрлі деңгейлерін белгілеу қажет. Үкіметке үш ай ішінде әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін оңтайландыру бойынша ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Еңбек ете алатындарға мемлекеттік қолдау тек олардың қайта оқуға немесе еңбекпен қамту бағдарламаларына қатысулары негізінде ұсынылатын болуы тиіс. Үкіметке әлеуметтік көмектің мұндай түрлерін 2017 жылдан бастап енгізуді тапсырамын. Әлеуметтік саясаттағы мемлекеттің басымдығы адам капиталын дамытуға кең ауқымды инвестициялар болуы тиіс. Біз бұған дейін қабылданған бағдарламаларға сәйкес, білім беру және денсаулық сақтау салаларын жаңғыртуды жалғастыруымыз керек. Мен 2017 жылдан бастап жаңа жоба – «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы басталатынын жариялаймын. Үкіметке оны жасауға кірісуді тапсырамын».

2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [35] атты Жолдауда экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған бес басымдықтың төртіншісі адами капитал сапасын жақсартуға арналады: «Бірінші. Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын, сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. ...Екінші. Білім беру жүйесімен қатар денсаулық сақтау жүйесі де өзгеруге тиіс. ...Үшінші. Әлеуметтік қамтамасыз ету саласына қатысты».

2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» [36] атты Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін 10 міндет жүктеледі. Осы міндеттердің жетіншісі «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталады және төмендегідей мәселелерге назар аударылған: білім берудің жаңа сапасы; үздік денсаулық сақтау ісі және дені сау ұлт; сапалы жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандырудың әділетті жүйесі.

Елбасы Жолдауларынан бөлек, мемлекеттік бағдарламалық құжаттарда

да адами капиталға мән беріліп келеді. Мәселен, Ұлт Жоспары бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамның [37] 76 қадамы ЭЫДҰ елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру, 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құруға бағытталған.

2017 жылы бекітілген «Цифрлық Қазақстан» [38] мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шараларда адами капиталды дамыту мәселесі қойылған. «Адами капиталды дамыту» бағытының түсініктемесі мынадай: жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты». Өз кезегінде түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасаудың екінші мақсаты былайша айқындалады: «Болашақтың цифрлық индустриясын құру» - адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу».

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Парламентінің қабырғасынан жаңа әлеуметтік бастамалар көтеріп, өз халқына жариялаған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» [39] үндеуі адами капиталды дамытудағы маңызды қадам. Елбасы бұл сәтті қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайтудың кезеңі деп атап көрсетті. «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» идеясын жаңа мағынамен толығы түсуі барлығымыздың азаматтық және әлеуметтік жауапкершілігімізді арттыра түседі.

Елбасы ұсынған бес әлеуметтік бастамасы барлық қоғам мүшелері үшін маңызды. Еліміз осы уақытқа дейін баспана алу мүмкіндіктерін кеңейту

бойынша көптеген шаралар атқарды. Ал, «7-20-25» жаңа бағдарламасы әрбір отбасына баспана алудың мүмкіндігін жасап, әсіресе тұрғындар арасында қолжетімділік артады. Елбасы ұсынған формуланың мазмұны қоғам мүшелері үшін түсінікті және ашық.

Президенттің екінші бастамасында жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту ұсынылады. Елбасы отандастарымызды қолдау мақсатында келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап жалақысы төмен жұмысшылардың салық жүктемесін 10 есеге азайтып, 1 пайыз ғана салық салу жөнінде баяндады. Бұл ұстаным екі миллионнан астам адам жалақысының жұмыс берушіге салмақ салмай көбею мүмкіндігін береді.

Үшінші бастама тікелей еліміздің болашағы - өскелең ұрпақ пен жастарға арналған. Еліміздің жастарға деген айқын көрінісі ретінде жаңа оқу жылынан бастап қосымша 20 мың грант бөлінуін айтуымызға болады. Бұл гранттардың 11 мыңы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі. Бастама Қазақстанның Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа экономикада зор сұранысқа ие болатын инженерлер, ақпараттық технология, робот техникасы, нанотехнология саласының мамандарын даярлауға мүмкіндік береді. Елбасы қазір жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету мәселесін өзекті екендігін айта отырып, 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салуды тапсырды. Аталмыш міндетті жүзеге асыру үшін мемлекет пен жеке меншіктің серіктестігі қағидасын пайдалануды ұсынды.

Президенттің «Шағын несие беруді көбейту» төртінші бастамасы жаппай кәсіпкерлікті дамытуға серпін беретіндігі анық. Еліміз бұл бағытты дамыту бойынша бағдарламалар мен қолдау құралдарын жетілдіру үстінде. Бастамаға сәйкес осы жылы шағын несиелердің жалпы сомасы артып, қосымша 20 миллиард теңге бөлінетін болды.

«Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру» атты Елбасының бесінші бастамасы миллиондаған ел тұрғындарын

газбен қамтамасыз етумен қатар, шағын және орта бизнестің жаңа өндірістерін ашуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, еліміздің экологиялық ахуалын жақсартатындығына сенімдіміз.

Мемлекет басшысы еліміздің әлеуметтік жаңғыру жолында жаңа, ауқымды қадам жасауға дайын екендігін айтты. Негізінен әлеуметтік жаңғыру барлық азаматтардың мұқтаждықтары мен мүдделерін жүзеге асыру барысындағы қоғамның даму құрылымын жетілдіру үдерісі болып табылады. Бұл жаңа мен ескінің, заманауи және дәстүрлі ұстанымдар негізінде өзгерістерге ұшырайтын қоғамның рационалды және тиімді қызметінің көрінісі. Сондықтан Елбасы Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың еліміздегі адами капиталды дамытудағы маңыздылығы жоғары деп атауымызға толықтай негіз бар.

Қорытынды. Бүгінгі таңда еліміз адами капиталды дамыту арқылы ұлттық байлығымызды сақтап келеді. Бұл бағытта жасалған ұтымды саяси қимылдар еліміздің әлемдік қауымдастықтағы өзге мемлекеттердің алдына шығу мүмкіндігін береді. Жаһандану туындатқан сын-тегеуріндерге лайықты жауап беру және Президент Жолдаулары мен мемлекеттік бағдарламаларда қойылған міндеттерді шешу барысында еліміздің әлеуметтік, рухани жаңғыру бағыттары бойынша атқарылып жатқан шаралар кешенінің маңыздылығы жоғары.

Заманауи қоғамдағы адами капиталдың дамуы экономикалық және әлеуметтік нәтижелер тұрғысынан өте маңызды. Адами капиталдың экономикалық тұрғыдағы нәтижелері қызметкерлер еңбегі тиімділігінің өсімі,

қоғам, мемлекет, аймақ, мекеме, қызметкерлер табысының жоғарылығымен өлшенеді. Адами капиталдың әлеуметтік негіздері қоғамдағы кәсіби бөліністер өзгерістері арқылы қоғамның әлеуметтік құрылымын жетілдіру болып табылады. Өз кезегінде бұл жұмыссыздықты қысқарту, кәсібилікті жетілдіру, өз саласын толық меңгерген мамандардың сандық және сапалық өсімін қамтамасыз ету, білімді, білікті, рухани бай кадрлар дайындау секілді мәселелермен байланысты.

Адами капитал мәселесіне байланысты әлемдік деңгейдегі зерттеулердің көптігіне қарамастан, отандық зерттеушілер берілген мәселе бойынша ғылыми жұмыстар аз жүргізіп келе жатқанын байқауымызға болады. Біздің ойымызша, шет елдік баспалар секілді адами капиталға байланысты ғылыми-танымдық журналдар жарыққа шығару қажет секілді. Адами капиталды дамыту және басқару бойынша сараптамалар жарық көретін басылым мәселені сыни тұрғыдан ойлауға септігін тигізеді. Отандық ғылым үшін білім, еңбек, денсаулық сақтау, отбасы экономикасы, табыстарды бөлу, әлеуметтік тұтастық, кәсіпкерлік секілді т.б. адами капитал мәселелеріне арналған тақырыптарды қозғайтын ғылыми журнал кейбір тәжірибелік ұсынымдар береді деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, берілген ғылыми-зерттеу жұмысында адами капитал түсінігінің қалыптасуы, тарихи, ғылыми әдебиеттердің қайнар-көздері, негізгі белгілері мен теориялық зерттелуінің маңызды тұстары дәйектелді. Мемлекеттік саясаттың адами капиталды дамыту бойынша шаралары Елбасы Жолдаулары арқылы айқындала түсті деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ильин М.А., Рабинович М.А. Политическая экономия капитализма в вопросах и ответах: учебное пособие. Издание 3-е, дополненное. - Москва: Политиздат, 1973. - С. 62. – 256 с.
2. Liebowitz J. Addressing the Human Capital Crisis in the Federal Government: A Knowledge Management Perspective: monograph. - Butterworth-Heinemann/Elsevier, Oxford, 2003. – 200 p. – ISBN 978-0-7506-7713-4.
3. Ingham J. Strategic Human Capital Management: Creating Value through People: monograph. - Amsterdam: Elsevier, 2007. – 374 p. – ISBN 978-0-7506-8134-6.
4. Курганский С.А. Человеческий капитал: сущность, структура, оценка: монография. - Иркутск: Изд-во БГУЭП, 2003. - 235 с. – ISBN 5-7253-0819-7.
5. Самородова Е.М. Человеческий капитал: особенности функционирования, накопления, использования: монография. - Санкт-Петербург: Инфо-да, 2008. – С. 7. - 126 с. - ISBN 978-5-94652-253-3.

6. Человеческий капитал: теория и практика управления в социально-экономических системах: монография / Под общ. ред. Р.М. Нижегородцева и С.Д. Резника. – М.; ИНФРА-М, 2014. – 310 с. – ISBN 978-5-16-009681-0.
7. Абдрасилова Г.З., Бұхаев Ә.Н. Адами капитал қалыптастырудағы ұлттық рухани мұраның рөлі // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. - 2015. - №4. - 5-9 бб. – ISSN 1563-0307.
8. Жолдыбалина А. Адами капиталды дамыту контексіндегі мектепке дейінгі білім беру // Қоғам және дәуір. - 2017. - № 3. - 53-60 бб. – ISSN 2414-5696.
9. Карбетова З., Карбетова Ш., Шуленбаева Ф. Адами капиталды қалыптастыруда жоғары білімнің қалыптасуы мен дамуы // Экономика и статистика. - 2017. - № 1. - 137-144 бб. – ISSN 1608-2192.
10. Кокушева Ә. Адами капиталды дамыту аясындағы қашықтықтан білім беру мәселесі // Адам әлемі. - 2013. - № 2. - 127-132 бб. – ISSN 1999-5849.
11. Керімбек Ф.Е., Дулатбекова Ж.А., Керимбек А.К. Адам капиталы – мемлекет дамуының басты факторы // ҚР ҰҒА академигі Сағадиев Кенжеғали Әбенұлының 75 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстандағы адами капитал: жағдайы мен өсу жолдары» халықаралық ғылыми конференциясының еңбектер жинағы, I бөлім. - Астана, 2013. - 368-371 бб.
12. Оспанова А., Болат Қ. Адами капиталды дамыту жолын ескеру арқылы Қазақстанның стратегиялық жоспарлау жүйесін жетілдіру // Экономика и статистика. - 2015. - № 1. - 40-44 бб. - ISSN 1608-2192.
13. Паридинова Б.Ж. Адами капитал: түсінігі, мазмұны, мәні // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы. – 2017. - №4. - 156-162 бб. – ISSN 1991-3494.
14. Journal of Human Capital // <https://www.journals.uchicago.edu/toc/jhc/current> [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.journals.uchicago.edu/journals/jhc/about> - ISSN 1932-8575.
15. International Journal of Human Capital and Information Technology Professionals // [https://www.igi-global.com/\[Electronic resource\]](https://www.igi-global.com/[Electronic resource]). – Access mode: <https://www.igi-global.com/journal/international-journal-human-capital-information/1152> - ISSN 1947-3486.
16. Человеческий капитал // <http://humancapital.msk.ru/> [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://humancapital.msk.ru/arhiv-2/2018-2/> - ISSN 2074-2029.
17. Человеческий капитал и профессиональное образование // <https://www.rea.ru/> [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.rea.ru/ru/org/cathedries/prlogkaf/Pages/журнал.aspx> - ISSN 2226-9177.
18. Schultz T.W. Investment in Human Capital // The American Economic Review. - 1961. - №51 (1). – P. 1-17. – ISSN 0002-8282.
19. Schultz T.W. Investment in Human Capital: The Role of Education and of Research: monograph. - New York: Free Press, 1971. - 272 p. - ISBN 978-0-0292-8220-5.
20. Schultz T.W. Human Capital: Policy Issues and Research Opportunities. In: Economic Research: Retrospect and Prospect, Volume 6, Human Resources. - New York: National Bureau of Economic Research, 1972. – P. 1-84. - ISBN: 0-87014-255-0.
21. Becker G.S. Human Capital: A Theoretical and Empirical Analysis, with Special Reference to Education. - New York: National Bureau of Economic Research, 1964. – 187 p. – ISBN 978-0-2260-4120-9.
22. Laroche M., Mérette M., Ruggeri G.C. On the Concept and Dimensions of Human Capital in a Knowledge-Based Economy Context // Canadian Public Policy. - 1999. - №25 (1). – P. 87-100. – ISSN 0317-0861.
23. Marimuthu M., Arokiasamy L., Ismail M. Human capital development and its impact on firm performance: evidence from developmental economics // The Journal of International Social Research. - Summer, 2009. - Volume 2/8. – P. 265-272. – ISSN 1307-9581.
24. Slaus I., Jacobs G. Human Capital and Sustainability // Sustainability. – 2011. - №3. – P. 97-154. – ISSN 2071-1050. - doi:10.3390/su3010097
25. Kucharpikova A., Tokarpikova E., Blaskova M. Human Capital Management – Aspect of The Human Capital Efficiency in University Education // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2015. - №177. – P. 48-60. - ISSN 1877-0428. - doi: 10.1016/j.sbspro.2015.02.332
26. Ali M., Egbetokun A., Memon M.H. Human Capital, Social Capabilities and Economic Growth // Economies. – 2018. - №6, 2. – P. 1-18. – ISSN 2227-7099. - doi:10.3390/economies6010002
27. Насимов М.Ө. Тұрақтылық – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктерінің негізі // Егемен Қазақстан. – 2010. - 17 наурыз. - ISSN 1999-9720.
28. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. - Алматы: Білім, 1998. - 96 б. - ISBN 5-7667-2363-6.
29. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 1 наурыз. – ISSN 1999-9720.
30. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2008. – 7 ақпан. – ISSN 1999-9720.
31. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2010. – 30 қаңтар. – ISSN 1999-9720.
32. Өлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 28 қаңтар. – ISSN 1999-9720.

33. Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: LEM, 2017. - 64 б.
34. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2015. – 1 желтоқсан. – ISSN 1999-9720.
35. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – // Егемен Қазақстан. – 2017. – 31 қаңтар. – ISSN 1999-9720.
36. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – // Егемен Қазақстан. – 2018. – 10 қаңтар. – ISSN 1999-9720.
37. Назарбаев Н.Ә. Ұлт Жоспары – 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет // Егемен Қазақстан. – 2015. – 20 мамыр. – ISSN 1999-9720.
38. Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы // <http://mic.gov.kz> [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: <http://mic.gov.kz/kk/pages/cifirlyk-kazakstan-memlekettik-bagdarlamasy>
39. Назарбаев Н.Ә. Президенттің бес әлеуметтік бастамасы // Егемен Қазақстан. – 2018. – 6 наурыз. - ISSN 1999-9720.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

УДК 351

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасында кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастыру ерекшеліктері, негізгі мәселелері мен одан әрі дамыту бағыттары қарастырылған. Қазіргі заманғы, кәсіби және дербес мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және оны үздіксіз жетілдіру Қазақстанның одан әрі тұрақты және қарқынды дамуының кепілі ретінде түсіндіріледі. Ғылыми мақаладағы негізгі қорытындылар мен ұсыныстар басты стратегиялық құжаттар: «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен «Қазақстан-2025» Стратегиясы, сонымен қатар мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауларына негізделген. Аталмыш мақаланы жазу барысында ғылыми зерттеудің экономикалық талдау әдістері, салыстыру әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: мемлекеттік аппарат, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік институт, мемлекеттік қызметші кәсібилігі, құзыреттілік, электронды үкімет, факторлық-балдық жүйе, бонус, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

Abstract. The article examines the issues of fundamentalism and fundamental aspects of the development of the professional state apparatus in the Republic of Kazakhstan. The analysis of quality and ways of perfection of providing of state services is done in the Aktobe area. Formation of the modern, professional and self-sustaining state apparatus is a long-lasting, stable and intensive Kazakhstan. The basic findings and proposals of the scientific articles are basically based on the strategic documents such as «Kazakhstan-2050» and the Strategy «Kazakhstan-2025», the Presidential Addresses of the President of the Republic of Kazakhstan on the state system of state control of the Republic of Kazakhstan. When writing articles, use scientific methods - method of economic analysis and synthesis, method of comparisons..

Key words: state body, state service, state institute, professionalism of the state servants, competences, factor-ball system, bonus, recruitment and qualification of state servants.

Аннотация. В статье рассмотрены особенности, основные проблемы и направления дальнейшего развития формирования профессионального государственного аппарата в Республике Казахстан. Формирование современного, профессионального и самостоятельного государственного аппарата является залогом дальнейшего стабильного и интенсивного роста Казахстана. Основные выводы и предложения научной статьи базируются на основных стратегических документах, как Стратегия «Қазақстан-2050» и Стратегия «Қазақстан-2025», ежегодных Посланиях Президента РК в области совершенствования системы государственного управления. При написании данной статьи использованы научные методы - метод экономического анализа и синтеза, метод сравнения.